



СУАНЫҢ СОҢҒЫ КӨШІ



«Ел тарихы – жер тарихы» демекші әр ұрпақтың өткені мен бүгінге көз жүгіртсек тарихтың түрлі кезеңдерін еске алуға тура келеді. Адамзат баласының өмір сүрген дәуірі әр қилы болып отыруы заңдылық. Осыдан келіп әр әулеттің өмір сүру кезеңдері, тіршілігі замана соқпағына алып келері хақ.

Сол бір алмағайып, ел басына кара бұлт үйірілген босқыншылық уақыт біздің әулеттің де басынан айналып өтпеген сынайлы. Әкеміз Мұхтар Әбілдәұлы 1908 жылы Қытай-Орыс келісімі болып, Ілені басып алған орыс армиясы Іледен кетеді де, Қорғас шекара болып бекиді.

Бірақ талай жылға дейін шекара деген аты болмаса елдің ары-бері өтуіне екі

жақтан да еш кедергі болмаған. Бала кезінде әкем бұрын өздері отырған Текшеге ертіп барып, ата-бабаларының қонысын көрсетті. «Мына жер біздің қонысымыз» деп көптеген соқпа үйлердің сүрлеуін көрсетті. Осы арадан заманның аумалық-төкпелі кезеңінде Қытай еліне өтіп кеткендерін әңгімеледі. Өздері отырған қоныстың жоғарғы жағында дөңестеу келген жерді Қойке мазары дейді. Ол мазарда Сатай бабадан тараған, дүниеден өткен Қойкелер жерленген. Себебі, Сатай бабамыздың бәйбішесінің аты Қойке болған. Осы анамыздан өрбіген ұрпақ өздерін Сатай ішінде Қойкеміз деп атайды.

Қойке мазарында елге сыйлы болған әкеміздің аталас ағалары: Жәментік би, Әміре, Дәулетбек, Дәулетжандар жатыр. Әкем, Мұхтар 1984 жылы 29 қазанда дүние салды. Әкемізді Қойке мазарына ағаларының қасына жерледік. Отырған қоныстары малға жайлы, тіршілікке қолайлы, Тышқан өзенінің аңғары, шөбі шүйгін, ауасы таза таудың етегі. Жаз жайлауда – Сарысай,

Қарасай, Қылды Қарағай, Тамшы деген жерлерде отырған. Сарқырап ағып жатқан суы мол Тышқан өзені, қарасаң көз тартатын тау бөктері барған жанның бірден көңілін аударарды. Міне осындай құтты мекенде мамыражай өмір сүріп жатқан елдің шырқын 1916 жылғы Ақ патшаның қазақтан майданға қара жұмысқа әскер аламыз деген жарлығы бұзған екен.

Бұл жарлық елді дүрбеленге салды. Осы жарлыққа қарсы Суан ата ұрпақтарының Сатай болысын басқарып отырған Мұқа Әжібекұлы «Қара жұмысқа бала бермейміз!» деп үзілді-кесілді қарсы шығады. Ақ патшаның жарлығы барлық болыстарға шабармандар арқылы хабарланады. Мұқа болыс қол астындағы атқа мінер, қарулы жігіттерден жасақ құрады. Оларды дер кезінде елін-жерін қорғауға даяр ұстап отырады. Ел ішінде патша жарлығына қарсылық күннен-күнге күшейе түседі.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨМІРДІ ЕҢ АЛҒАШ САҚТАР МЕН ҮЙСІНДЕР ТАПҚАН

2015 жылдан 2020 жылға дейін Қытайдағы Іле өзенінің бір тармағы болған Қас өзенінің бойындағы Жырынтай (Жирентай) аңғарында археологиялыққазбазерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары бізге 3000-3600 жылдар алдындағы алғашқы қола дәуірінен сыр шертеді. Бұл Азия-Еуропа сахарасындағы сирек кездесетін ірі тұрпатты үлкен қоныс. Аспан таудың батысындағы бұл ежелгі жұрттың көлемі 14000 шаршы метр. Тастан қаланған аумақтың бізге айтары көп. Алғаш рет қола қорытқанның жанды дәлелі болмақ. Сонымен қатар адамзат тарихындағы ең ертедегі көмір пайдаланған орнын екені анықталды. Аталмыш аумақтан қой, сныр, жылқының сүйектерімен бірге он мың бөлшекке жуық көмір қалдықтары табылған.

Жырынтай аңғарынан жалпы он орын табылған. Басым көп сандысы

қазіргі Аспантаудың батысындағы Іле аймағы Қас өзенінің солтүстік шығыс жағалауында орналасқан. 3600 жылдың алдындағы ежелгі Сақтардың мекені екенін анықтаған. Барлығына археологиялық қазба зерттеу жұмыстары жүргізілген. Тек біреуі батыс жағындағы төбешікте тұр. Осы бір ежелгі жұрттың жалпы көлемі 374 шаршы метр аумақты алып жатыр. Ішкі көлемі 240 шаршы метр болып, оған 100 адам сиымдылығы бар. Дәл ортасында жалпақ тастармен қоршалған, шамамен 5 шаршы метр көлемдегі ұзын төрт бұрыш от жағатын орын бар, онда от жағылған белгілер қалған. Үлкен бөлме биіктеу жерде тұр. Арты тау, алды өзен. Солтүстіктен оңтүстікке созылып жатыр. Есігі

сай ауызына қараған, төрт төңірегін бақылауға өте қолайлы болған.

Бұл ара жиналыс жасайтын, жоғары дәрежелі басшылар кездесетін орын немесе тасаттық беретін орын болған болуы мүмкін. Тіпті, осы жұрттағы мал-жандарды, тұрмыс-тіршілікті бақылауға алатын өзекті нүктесі болуы да мүмкін. Бұндай құрылыс Іле аңғарынан бұрын-соңды байқалмаған. Сол дәуірде Азия-Еуропа сахарасында өте сирек кездесетін, оның үстіне Жырынтай аңғары археологиялық орнының көлемінің үлкендігі қола дәуіріндегі Іле аңғарында ең үлкен аумақ саналатын, сол себепті бұл орынды орталық мекен болған деп айтуға болады.

(Жалғасы 2-бетте)

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

БӘЙТЕРЕКТИҢ БҰТАҒЫ (повесть)

Әкем Төрехан әңгімесін мақалдап бастады. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі», «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз, өз төркінін жат көрген қыз жетесіз» - деген балам. Атамыз Алаш, шаңырақ, уық, керегіміз ағаш болғалы шыққан тегін, руын, тайпасын білу әр бір ұрпақтың өшпес борышы.

Мен ғұлама оқымысты немесе көсем шежіреші емеспін, қазақтың қарапайым қатардағы пендесінің бірімін. Әрбір әке өзінің көзімен көріп, көңілге түйгенін, атадан балаға мирас болып қалған аңыз, әңгімелерді өзінің ұрпақ мұрагерлеріне айтып кету қиямет қайым үшін парыз.

Егер мен көзімнің тірі кезінде сендерге еш нәрсе айтпай кетсем менің пәниден бахиға барғанда мойныма өтелмей қалған қарыз іспетті. Ал менің айтқанымды саналарыңа сыналап, бекітіп, зерделеріне тоқып, ұрпақтан ұрпаққа өшпес, жоғалмас қазына етіп қалдыру сендердің құдай, әруақ алдындағы атқарар борыштарың.

Жеті атаны білу деген сөз әкенді, әкеңнің әкесін, оның әкесінің аты-жөнін біліп қою ғана емес, сол әкелердің, аталардың, бабалардың өмір сүрген дәуірін, мекен жайын, өскен топырағын, ішкен су, жұтқан ауасын, кәсіби шаруашылығын, бастарынан өткізген қызықтары мен қайғы-қасіреттерін, салт-дәстүрлерін, елін қорғаған батырларын, көсемдерін мен шешендерін, қорғаныс шебінің сыр сипатын, мақсат мүдделерін екшеп електен өткізіп, озығын алып, тозығын торқалау.

Мен Суан атамнан бастайын да сол Суаннан тараған өзіміз шыққан бұтақтар төңірегінде әңгімеді ілгері сабақтайын.

Суаннан Байтүгей, Токарыстан, Қанбағыс, Досбағыс төрт бала өмірге келеді. Біз Токарыстаннан өрбіміз. Токарыстан атамнан Тұрдымбет, Мұрат, Бердіке, Баубек төрт ұл болған. Біз осындағы Мұрат ұрпағына жатамыз.

Осы Суан атамнан тараған ұрпақтар ертеректе Сыр бойын мекендеген. Кейін Ақтабан шұбырынды жылдары Токтабарлық, Алақол, Кіші Түркістанның (Қытайдың таулы Қас, Күнес, Текес, Алтай, Бұрағола сияқты аймақтарына қоныс аударған. Жонғар хандығының қысымынан ол жақта да көп тұрақтай алмай осы Іле өзенінің Шығыс солтүстік беткейіндегі Ерен (Жонғарала) тауының оңтүстік шығыс күңгей бетіне жұрт жаңартқан. Анығырақ айтатын болсам шығысы Қорғас өзені, батысы Алтынемел асуы, оңтүстігі Іле өзенінің солтүстігі Аралтөбе, Сатылы, Матай тауымен шектелетін осы Жаркент өңіріне қоныс тепкен. Ал Қанбағыс, Досбағыс аталарымыздан тараған ұрпақтар сол Сыр бойымен Оңтүстік Қазақстан өлкесін тұрақ етіп қалған.

Мен жаңа Токарыстанның бір баласы Мұратқа келіп тоқтап едім ғой.

Сол Мұрат бабамыздан Орыс (Егізек), Қарабек, Қараменде, Әпсүгір,

Шегерек бес ұл өмірге келеді. Осы бес баланы Бес Мұрат деп те атаған және

Мұраттың өзін екі топқа бөледі. Ірі Мұрат, ұсақ Мұрат деп. Ірі Мұратқа

Орыстан (Егізек) тараған, Қарамендеден тараған үйелмендер жатады да, ұсақ

Мұратқа Қарабек, Шегеректен тараған қожалықтар жатады.

Мұрат бабам кезінде Бек болған екен. Сондықтан ол кісіні Мұратбегі деп атайды. Мен ат жалын тартып мінгеннен бастап өзіммен бірге туған ең үлкен ағам Тұтқабек екеуіміз әкеміздің жылқысын бағумен өстік. Бұл туралы үлкен әңгіме оны кейін таман өз тұсыма келгенде толық баяндап берем.

(Жалғасы 4-5 бетте)

(Басы 1-бетте)

Осындай көлемді керемет үй қалай салынған? Археологиялық зерттеулер мен жергілікті халықтың дәстүрлі үйлеріне талдау жүргізу арқылы, сол үйлерді қайтадан көз алдымызға әкелуге болады. Ең әуелі тұзу жер таңдап, одан ағашты көлденең қойып, бір-бірімен қиыстыра тістетіп, төрт қабырға жасады. Негізгі қабырғаның берік болуы үшін іші-сыртына тас қалады, одан ішіне ағаштарды тігінен қойып, осылай ішкі қабырғаны тұрғызды. Оның басты ролі қабырғаны тіпті де бекемдеу болды. Ішкі қабырғаның ішіне де тас қалады.

Үйдің орта бөлігіне диаметрі 60 см 10 тал ағаш қойған, ол үй төбесін тіреу ролін атқарады. Содан барып үйдің ортасына от жағар қалады. Неше мың жылдар өткен соң негізгі қабырғадағы тірек ағаштар жоғалған, бірақ та үйдің тас қабырғалары сол калпында сақталған. Жаққан ағаш отындардың қалдықтары да сақталып қалған. Осындай үлкен үй салу үшін де өте жоғары құрылыс технологиясы мен көп мөлшердегі ағаш материалы, көптеген жұмысшы болуы керек. Міне осындай жоғары дәрежелі қоғамдық ұйымдасу қажет.

Үлкен үйден бір шақырым қашықтықта адам назарын бөлетін бір тас төбе бар, екі жыл бойғы Археология зерттеу арқылы ұқсас бір мезгілдегі алып қабірлер анықталды. Бұл қабір төрт бұрыш болып, қабырғасының ұзындығы шамамен 120 метр, жалпы көлемі 14000 шаршы метр, сыртын мөнерленген тас тақтайшаларымен қуыс қалдырмай қоршаған, тас тақтайшаларының сыртын қызыл топырақпен бірнеше метр қалыңдықта жапқан екен. Тастан қаланған қабырғаның іші топырақ аралас таспен жасалған. Қабірдің биіктігі 4,5 метр. Жоғарыдан төменге қарайтын болсаңыз қаланған тастар лента тәрізді төрт жаққа созылып, құдды күн нұры шашырағандай өте әдемі көрінеді. Төрт бұрыш бөлме жалпы қабірдің орталығы саналады, тас тақтайшаларымен қаланған, көлемі шамамен 36 шаршы метр шығатын төрт бұрышты тас бөлме ағаштан болған. Тас бөлменің сырты қызыл топырақ үйген, қызыл топырақтың сыртына тас қорық қалаған.

Ал қабір бөлмесіне келсек оның батыс жағында қиғаштай салынған қабір жолы бар. Өкінішке орай қабірлер көп рет тоналған, бұндай көлемді қабірлер сол замандағы алып Қытай елі, тіпті Азия-Еуропа сахарасында бұрын-соңды болмаған. Шамамен бұдан 700 жыл кейін байқалған.

Тува Аржан қабірлері осыған шамалас болғанымен оның құндылығы, жасалу технологиясы тым төмен. Осындай ірі сәулетті де көлемді қабірді жасауға қаншалықты адам күші тартылды десеніңіз? Әрбір текше топырақ тастарды қазып тасымаулау және толтыруға 3 адамнан есептесе, алып қабірдің 30 мың текше метр топырақ-тасын қазып тасуға 100 еңбек күші керек. 200 адам болған

КӨМІРДІ ЕҢ АЛҒАШ САҚТАР МЕН ҮЙСІНДЕР ТАПҚАН



күннің өзінде бір жыл бойы тынбай істегенде әрең аяқталады. Осындай бір ірі көлемді қабір салу үшін соншалықты еңбек күшін топтау, оны басқару сол дәуірде оңай оспақ іс емес, міне осының өзінен қабір иесі ел билеген жергілікті басшы не ру тайпа басшысы екенін аңғаруға болады.

Жырынтай аңғары ірі қабірінің үстіндегі лента тәрізді тізбектеле тастан жасалған, оған қоса қабірдің айналасындағы үйілген қызыл топырақ пен қабірдің қызыл қабырғасына қарағанда сол араның тұрғындары күнге табынған деп болжауға негіз береді. Бұл Іле, Алтай, Тарбағатайды өз ішіне алған Азия-Еуропа сахарасындағы ежелден сақталып келген дүниетаным болған. Осы қабір тасаттық беру, күннің қозғалысын бақылау ролінде болған. Жырынтай аңғарындағы ірі қабірмен бір жылдарда табылған Утулан қабірінде үш шағын көлемді төрт бұрыш тасты текше байқалған, ондағы тас лентасы да Жырынтай аңғарындағыға қатты ұқсамайды. Бірақ бұл құрылыс жүйесі де тасаттық берумен байланысты болған.

Шыңжаңның көп жерінен қола дәуіріне тән қола бұйымдар табылған, бірақ қола өндірген жерлер өте сирек кездескен. Ал Жырынтай аңғарындағы қирандылардан олардың қола қорытқанын білуге болады. Мұнда мыс қорыту ошағы, жел беру түтікшелері, желдеткіш, мыс рудасы, шала мыс құймасы, қола бұйымдар табылған. Міне бұл Іле өңірін мекендеген бабаларымыздың тарихта металл қорыту ісімен айналысқанының нақты дерегі. Осы қола қорытудың көне жұртынан мынанан астам үйлер байқалған, желдеткіш пен қорытылған семсер қылыш, найза, жебе ұшы, біз сынды бұйымдар табылды. Бұл

қола қорыту технологиясы белгілі деңгейге жеткенінің белгісі болмақ. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде осы аумақта тағы да Нұра сай, Дөңгелек төбе, Қызыл қысаң сынды үш ерте заман мыс кенінің орны байқалған. Біздің заманымызға дейінгі 221 жылдардағы тас кен орындары болған. Тас кен орнындағы қорытпалар Жырынтайға жеткізіліп, сол арада мыс ыдыстарды мөнерленген болуы мүмкін.

Қола материалынан үшкір немесе өткір қару-жарақ өндірген, әрі әдемі, мықты жабдықтарды, әшекей бұйымдарды да өндірген. Темір бұйымдардан бұрын қола бұйымдары сол кездегі ең озық өндіргіш күштің белгісі саналған. Мыс кендері мен қола қорыту технологиясын меңгеру Азия – Еуропа сахарасы қоғамының әлеуметтік құқықтарын қолда ұстаудың ең өнімді шарасы болған.

Жырынтай аңғарын жайлаған бабаларымыз дүниені дүр сілкіндірген жаңалығын ашты. Олар көмір тұтынған, ол жерден көп мөлшердегі жанған көмірдің қалдығы, оның ішінде көмірдің күлі, көмір ұсағы табылған. Адамдардың от жағып жылынғаны, ас әзірлеген ошақтары, кейбір жерлерде көмір сақтайтын шұңқырлар табылды. Бір көмір үйімегінің жанынан қоланы құйып жасайтын балшықтан жасалған қалып табылған. Міне осыдан көмірдің балшықты күйдіріп келтіру ролінің бар екенін көруге болады. Демек сонау 3600 жыл бұрынғы Қас өзені жағасын мекендеген сахара халық көмірдің жану қасиетін ерте білген, солай күнделікті тұмыста пайдаланған. Бұдан жер бетінде ең ерте көмірді пайдалана білген қазақ халқының ата-бабасы екенін ұғамыз. Жырынтай аңғарындағы көмір қалдықтарының өте ұзақ жылдық тарихқа ие екені анықталды. Жазба деректерде айтылып

жүрген қытайдың Шығыс Чжоу кезіндегі көмір пайдаланудан мың жыл бұрын болған. Жырынтай аңғары көмір қалдықтарының табылуы адамзат өркениетіне қосқан ең үлкен үлес саналады.

Жырынтай аңғарында көмірді жаппай қолданғанының белгісі – ол арадағы ашық көмір кендерінің көп болуы және бірнеше шақырым жерді алып жатқан ашық көмір кендерінің табылуы. Қас өзенінің екі жағалауындағы көмір кендерінен кесек-кесек көмірлер шықты. Қатысты ғылыми зерттеулерде көмірдің сол арадан алынғанын дәлелдеген. Болжамдар бойынша сол кездегі тұрғындар кездейсоқ көмірлерді тауып алып, көмірдің жылу беретін қасиетін байқап, содан көмірді тұрмысқа және өндіріске пайдалана бастаған. Бүгінде дүниедегі көптеген елдерде көмір кендері қанша көп болса да, Жырынтай аңғарындағы ертедегі сол адамдар ең бірінші болып көп мөлшерде көмір жағуын бірнеше жүз жылдарға жалғастырған. Бұл ірі оқиғада кездейсоқтық жағдай бар деген күннің өзінде Жырынтай аңғарында қола қорыту ісінің жоғары сапада жүргізілгенін мойындауымыз керек.

Жырынтай аңғары қирандыларынан тары, арпа және бидай сынды дақылдардың күйдірілген тұқымдары табылған. Бұлардың ішінде күйдірілген тарының түйіршегі көп болған. Шамамен 10 мың түйірден астам табылды. Бұл құбылыс көз алдымызға қазіргі күнде де адамдардың тарыны қуырып жеп жүрген бейнесін әкеледі. Деседе қирандылардан дақылдардың сабаны мен қабыршықтары байқалмайды, шамасы дақылдардың сабан-топанын және қабыршақ қауызын өзге жердегі егін алаңдарына алып барған. Жырынтай сай ауызы тұрғындары негізінен қола бұйымдарын жасау және мал шаруашылығымен айналысқан. Қола бұйымдарымен, мал шаруашылық өнімдерімен жақын маңдағы елдермен астық айырбасын жасаған болуы мүмкін.

3000 жыл бұрын Жырынтай аңғары тұрғындары метал қорыту, малшаруашылық, құрылыс, көмір тұтыну технологиясын жетік меңгерген, мыс кені сынды стратегиялық байлықты меңгеру арқылы, экономикалық қуаты артып, әскери күші күдіреттене түскен. Басқа да көршілес тайпалар мен қола саудасын жүргізіп, қыруар байлық жинап, қоғамдық бөлінуді алға ілгерлеткен. Соның нәтижесінде үлкен әмірші, яғни «Жергілікті патша» бәрінен бұрын пайда болды. Соның басшылығында еңбек күштерін топтап, үлкен үйлер мен «Күн патшасының қабірін» салғызды, халықтың күш қуатын, діни нанымдар арқылы топтастыра білді. Жырынтай аңғары ескі жұртының табылуы бізді қола дәуіріндегі батыс Тяньшань сахарасындағы тұрғылықты халықтың қоғамдық тұрмысы туралы білімдермен танысудың жаңа жолын аша түсті.

Құнанбай НҰРҚАСЫМҰЛЫ,
Нұрхалық АБДЫРАҚЫН.

Алматы қаласы.

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНЕ ЖАҢАША ҚАРАУ КЕРЕК

Мәселен, ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп құдалы болу қазақ некелерінің ерекшеліктері қалың мал мәселесі бата бұзу, ажырасу, бала асырау, әмеңгерлік мирас пен мұра ежелгі отбасы дәстүрлерімен соған қатысты қағида ерекшеліктері жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін шаңырақ шайқалып босаға босамауына назар салғанын көреміз.

Сонғы кезде қазақ халқының табиғатына тән ана сүтімен сүйекке сіңген ізгі әдет-ғұрыптардан тыс қалып бара жатқандаймыз. Өз ұлтының өткені мен болашағына бей-жай қарайтын тәрбиені тымсары қалған жастар аз емес. Ата-ананы сыйлау үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, әлпек сақтаудан хабарсыз кей жастардың қылығы әркімнің-ақ намысына тиері сөзсіз. Халық өнерін игеру жастарды еңбексүйгіштікке, әсемдікке бағыттап халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, жақсы әдет ғұрыптарын жалғастыруға баулиды. Ұлттық тәжірибеміз отбасынан басталып кейінде жалғасын тауып жатса, қазіргідей қазақ халқының қанында жоқ ата-баба тәрбиесіне жат өзін жарық дүниеге әкелген анасын, әлпештеп өсірген асқар тауы әкесін қарттар үйіне өткізген, нашакорлықпен маскүнемдікке салынғандардың шаңырағы ортаға түспес еді.

«Алтын кездік қап түбінде жатпайды» дейді халық даналығы Бұл ой мен сөздің түпкі сырына ден қойсақ, шын асыл қымбат қазына қылы кезең, шытырман уақытта да сыны мен сипатын өзгертпейді. Бала жүрегін жылы сөзбенде, айла-тәсілмен де балаға деген жүрек сезімін махабатпен де табуға болады. Жылы-жылы сөйлесең жібімейтін жүрек жоқ, тек соған апаратын жолды таба білуіміз керек.

«Дәстүрге арқа сүйемегеннің көсегесі көгермейді» деген қазақ атамыз. Яғни отбасы ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген.

Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі «Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді»



деп, бағалағандықтан. Сондықтан ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, шешеден көріп «тон пішуге», әкеден көріп «оқ жонуга» - баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені мектеп пен медреседе оқып білмесе де қызы анадан, ұлы әкеден үнемі үлгі-өнеге алып отырған.

Даналық сөздермен оза білген қазақ халқымызда «Балаңды өз тәрбиенімен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген ғибратты сөз бар. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, біз халықтың нақыл сөзінен сусындаған, аталар сөзімен өсіп-өнген, даналар өсиетінен тәрбие алған, ұлылар тәрбиесінен тағзым өткен дана халықтың ұрпағымыз.

Қорыта айтқанда бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Жас ұрпақты Отанын, туған жерін сүйіп, оны қорғай білуге үйрету, бала бойында патриоттық сезім мен адамгершілік сананы қалыптастыру-егеменді мемлекетіміздің әр отбасы мен азаматтарының міндеті. Елдің ертеңгі ұрпағы, киелі жердің иесі-жастар

тәрбиесі біз бен сіздің басты мақсатымыз. Тәрбиенің көзі-ата бабамыздан қалған дана сөздер десек, біз сол насихаттың жүргізушісіміз. Бұған қоғам алдындағы үлкен міндет ретінде қараған жөн.

Балаға негізінен үш ортадан тәрбие жұғады, үш орта бала тәрбиесіне әсер ететін негізгі фактор. **Біріншісі**-ата-ана, **екіншісі**-ұстаз, мектеп, **үшіншісі**-дос құрбысы. Балаға тәрбие беру кілті ата-ананың қолында. Ұлы педагог А С Макаренко: «Баланы жас кезінде, әсіресе бес жасқа дейін тәрбиелей білу керек». Оның келешекте қандай адам болуы, ең алдымен бес жасқа дейін дұрыс тәрбие бере алмасаныз, кейін оны қайта тәрбиелеуге тура келеді. Ал қайта тәрбиелеу-өте қиын іс,-дейді де қайта: «Баланы дұрыс тәрбиелесең, қартайғанда өміріміз бақытты болмақ, жаман тәрбиелесең зор қайғыға ұшырап, үлкен бақытсыздыққа тап болғанымыз» деген сөзбен өз ойын түйіндейді. Және де «Жаман тәрбиеленген бала-басқа адамдар алдында, бүкіл еліміз алдында жасаған үлкен кінәміз» деп те атап көрсеткен.

Сол үшін де күнделікті өмірде гасырлар бойы қалыптасқан қазақи салт-дәстүріміз бен тәлім-тәрбиеміздің құндылығын ардақтап, сақтай білейік, ағайын!...

Әлия ШАЛҒЫНБАЕВА,
*Айдарлы ауылдық
мәдениет үйінің директоры.*

(Басы 1-бетте)

СУАННЫҢ СОҢҒЫ КӨШІ

Мұқа болыстың айналасына Жаркент өңірінің көпшілік қазақтары топтасып, оны қолбасшы дәрежесіне дейін көтереді. Ақ патша жендеттері халықтың қарсылығын әскер күшімен басу үшін жазалаушы отрядтарын жібереді. Арада бірнеше жойқын қарулы қақтығыстар орын алғанымен, мұздай қаруланған қанды қол күшке қарсы тұрар халықта күш қайда?... Аман қалудың басқаша жолын таңдауға мәжбүр болады.

Ауыл ақсақалдары ұрпағының қырылып қалмауының жолын іздестіреді. Сөйтіп, олардың шекара асып арғы бетке қашудан басқа амалдары қалмайды. Осы дүрбелеңде біздің Қойке ауылы алғашқылардың бірі болып Қытай еліне өтеді. Өйткені ол жақта бұрындары өтіп кетіп, орнығып қалған аталас бауырлары: Сүлеймен, Дәуіт, Әміре ақсақалдары бар еді.

Сүлеймен Қытай елінде Суанға болыс болып қызмет атқарады. Дәуіт төбе би, Қашқынбек, Әміре зәңгі болып қызмет істейді. Бұл ағайындардың тұрмысы біршама түзелген кез екен. Үш қора қой, 100-150-дей жылқы, 200 бас ірі қара малы бар дәулетті жандар болыпты. Олар Кегеннің тіршілікке қолайлы, табиғаты әсем, көрікті жерлерінен үй-жайларын тұрғызған. Әкемен бірге өткен ағасы Дәулетжанды, тағы басқа босқын болып барған туыстарын ол жақтағы бауырлары жылы қарсы алады. Қамқорлықтарына алып, сауып ішуге сиыр беріп, мініс атпен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, қолдап, қорғап, ағайындық көмектерін аямаған. Қыстаулары – Кеген өзені. Жайлаулары шық еткен тасы жоқ көп қырқалы – Жалаңаш, Үшбұлақ деген шұрайлы жерлер екен. Сүлеймен болыс қарамағындағы елге осы жерлерден әрқайсысына меншікті жаз жайлауын, қыс қыстауын белгілеп, қазығын қақтырып береді. Осылайша ағайындарының бауырмалдық қамқорлығының арқасында мал ұстап, егін егіп, тіршілігін әрмен қарай жалғастырады.

Уақыт өткен сайын ақ қазақтардың жазалаушы орядының қырғынынан қашып



қытайлар да босқынға ұшыраған халықтың бар малын, дүние-мүлкін аяусыз тонап алып жатты.

Осы кезде Сүлеймен болыс өзінің қарамағындағы жұртты жинап, «қорғаушы» жасағын құрды. Екі-үш топтан құралған жасақшылар шекараны күндіз-түні күзетті. Шекарадан аман өткен қазақтарды Қытай шеріктеріне бермей, бірден Кегенге жеткізіп отырды. Аш, жалаңаш дүние-мүліктен жұрдай болып өткен адамдарды – Сүлеймен, Дәуіт, Әміренің кең ауласына түсіріп, екі-үш күн тынықтырады. Есін жиған соң бұрын өткен ағайын туыстарына, құда-жегіттарына табыстайды. Сүлеймен болыс өткен елді өз иелігіне қаратып заңдастырылып алған

мектебіне» оқуға түседі. 1950 жылы оны аяқтап, орталау орта мектепте ұстаз болып жұмыс істейді.

Ағамыздың айтуы бойынша Қытайдың «Жуң Хуа» өкіметі құлап оның орнына келген «Шың-Дубан» үкіметінің алты саясаты жүргізіледі. Алты саясаттың біріншісі Совет елімен дос болу, оқу ағартуды өркендету, ауылшаруашылығын дамыту, т.б саясаттар болды. Осы саясат барысында Совет елінен қашып өткендерді қудалау басталды. Содан не керек, «елді Совет жерінен көшіруге үгіттеп алып өткен сен екенсің» деп Мұқа болыс пен баласы Мұхтархан екеуін тұтқындайды.

«Қашып өткен халықты қол астында ұстадың» деген желеумен Сүлеймен болысты да ұстап абақтыға жабады. Сүлеймен болыс абақты азабынан 1933 жылы қайтыс болады. Ал, Мұқа болыс пен баласы Мұхтарханды сол кезеңдегі көз көргендердің айтуынша Жаркент түрмесіне әкеліп атқан дейді-мыс. Бірақ та әлі күнге дейін ол тарихи жағдай нақты болмай, кейінгі ұрпақтары үшін белгісіз болып қалды...

Қытай еліндегі «Шың-Дубан» өкіметін 1940-1941 жылы басталған Гоминдан өкіметі ауыстырды. Гоминдан өкіметі Советпен болған байланысты біржола үзді. Коммунистермен бітпес жау болды. Совет өкіметімен байланысы бар коммунистік партияның насихатшысы деп көптеген интеллигенттерді, халық зиялыларын түрмеге жапты, азаптады.

Таңжарық ақынның «Түрме азабы» деген өкіске толы толғауы халық басына түскен осы бір қасіретті кезеңді суреттейді. Өкімет өзінің іріп-шіріп бара жатқанын халықтан көріп, соңғы әлін жинап жанталасып жатты.

Дәл осы кезде қиналған халық озборлыққа қарсы көтеріліп «Үш аймақ» көтерілісі бұрқ етті. Іле, Алтай, Шәуешек осы үш аймақтың халқы бірігіп Қытайларды және қытай әскерінің бәрін де тас-талқан етіп, өздерінің мекен еткен аймағынан түре қуып шықты. Нәтижесінде, 1944 жылы «Шығыс Түркістан» өкіметі құрылды. 1947 жылы Үрімжіде келісім болып, 11 бітім деген бітімге қол қояды. Қытайға 3 аймақ көтерілісін, «Шығыс Түркістан» өкіметін мойындатып қайтады. Шығыс Түркістан үкіметінің басшылығына - Ахметжан Қасыми, Генерал Ысқақбек, Әбдікерім Аппаз, Дәлелхан Сүгірбаев т.б. ел сыйлаған тұлғалар сайланады.

Осы келісім толық болып, барлық мұсылман еркіндігін алу үшін Бейжіңге барып келісім жасауға тура келеді. Қытай өкіметінің шақыруы бойынша Бейжіңге

делегат болып «Шығыс Түркістан» өкіметінің басшылары – барлығы 9 адам совет елінің самолетімен ұшады. Жолда самолет құлап, «Үш аймақ» көтерілісінің жетекшілері түгелдей опат болады. Олардың отырған самолеттері қандай жағдайда құлағаны да мемлекеттік құпия болып әлі күнге дейін белгісіз күйінде қалды.

Себебі, Шығыс Түркістан өкіметінің орнауы екі алып мемлекет үшін көзге шыққан сүйелмен бірдей еді. Осылайша, «Шығыс Түркістан» өкіметінің тәуелсіз ғұмыры қысқа болды. Халық көсемдерінен айырылып, басшысыз тобырға айналды. 1949 жылы «Жуңго» компартиясы жеңіске жетіп, жаңа коммунистік өкімет орнады. Қытай компартиясы халықты ұлттына емес бай, кедей деп тапқа бөлді. Сөйтіп, кедейлерді қолпаштау арқылы байларға қарсы қойды. «Ашылу-сайрау» науқаны бойынша халықты бір-біріне айдап салды. Тіпті баласын әкесіне қарсы қойды. Осылайша ішкі тазалау науқаны жүргізілді.

Содан, 1958 жылы халықтың қолына бір тұяқ мал қалдырмай бір қазанға қаратып, ортақ «Коммуна» құрды. Халықтың жұмысқа жарайтындарын ертеден кешке дейін жұмысқа салды. Бірақ сәтте, сай-салада отырған көшпенді халық малдан айырылып, кедейленіп шыға келді. Ішерге тамақ, киерге киімнен әбден тарықты. Қытай өкіметінің бұл саясатына қарсы ел ішінде наразылық күшейе түсті. Өмірдің ащы тауқыметіне шыдай алмаған халық өзінің тарихи отанына оралуға бел буды. Ел ішінде үлкен толқу басталды. Шекара аймағындағы елдер арасында Совет жеріне қашып өту белең алды. Нәтижесінде, Совет-Қытай келісімі бойынша Құлжа қаласындағы Совет консулының басқарумен Суанның соңғы көші 1954 жылы басталып, 1962 жылы өзінің тарихи отанына келумен аяқталды.



Қытай тарапына өтушілердің саны ұлғая бастайды. Әсіресе кейінгі өткендері мал-мүліктен жұрдай, бала-шағасын ғана жетектеп өткендер де болған. Арада патша құлап, билік ауысып, Қызыл большевиктер өкімет басына келеді. Елде ақ пен қызыл арасында азамат соғысы жүріп жатты. Нәтижесінде, Кеңестік билік жеңіске жетіп, коммунистер үкімет басына келеді. Патшалық Ресейдің отарлық саясатын жалғастырған коммунистік билік қазақ халқының мал-мүлкін талан-таражға салып, жергілікті халықты қынадай қырған «қызыл қырғынның» әрі қарай қызу жүргізеді.

Одан кейін бай кулақтардың көзін жою және коллективтендіру науқаны басталды. Босып қашқан ел Қызылдардың комотрядының шекараға қойған тосқалуына кезігіп, аттыс-шабыстан бала демей, қарт демей малға дейін қырылып қалғандары да болды. Қашқан елді аңдып жатқан қызылдар Қорғас өзеніне түсе бере пулеметтің оғымен қынадай қырды. Аман өткендерін Қытай шеріктері ұстап алып «...шекара бұздың, қайта өткіземіз» деп, қокан-лоққы көрсетті. Арғы бетте

жерлерге қыстауы мен жайлауын белгілеп беріп отырады.

Мәселен, атап айтсақ-Мүкей, Құлысты, Үшбұлақ, Жалаңаш, Кеген, Қорғас деген жерлерге қашып өткен Суандармен бірге басқа ағайындары осы ер-азаматтарды паналап, әркім қал-қадірінше орналаса бастайды. Кегенде Сатайдың Қойкесінен тарайтын аталарымен бірге - Албан, Жалайыр, Елшібек, Қошқар, Алдияр, Молақ, Дуан, Мырзагелді аталардың ұрпақтары іргелес араласа орналасты. Осылай орналасқан ел малын өсіріп, егінін салып, жаз жайлауына шығып, тойын тойлап емін-еркін өмір сүріп жатты.

Енді Сатан Әміреұлының «ҮШ ҚОНЫС» атты кітабынан үзінді келтіруді жөн көрдім (2005 жыл, 32-45 беттер). Әміреұлы Сатан 1928 жылы ҚХР Қорғас ауданына қарасты Кегенде дүниеге келген. Әкесі Әміре Кегенде (Ақалақшы) болыс болған. Көзі қарақты көргені көп аяулы ақсақалдардың бірі еді. Сатан ағамыз алғашында ауыл молдасынан, кейін Кегенде ашылған мектепте бастауыш білім алады. Орта білім алу үшін Құлжа қаласында ашылған «Ұлттар Орта



Дәлелхан МҰХТАРҰЛЫ,
Ардагер ұстаз.
Алматы қаласы.

Маман мінбері



Осы орайда еске түседі, кешегі кеңес кезеңінде үлгерімі нашар, мінез-құлқы киын оқушыларды негізгі білім берілді деген куәлігін алысымен мектеп әкімшілігі кәсіптік оқу орынына жіберіп құтылуға асығатын. Сол «тентектерден» кейін мықты өндіріс озаттары, абройлы азаматтар да шығып жататын. Қисық өскен бұтақты түзеп, мәуелі жемісін көру бағанның біліктілігіне байланысты. Кәсіптік білім беретін орта оқу орындарының ұстаздары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жұмысын осы бағбандардың ісіне ұқсатасың.

Біз әңгімеге арқау етіп отырған шебер талай балғын жасты білікті ауыл шаруашылық маманы, алғыр азамат етіп тәрбиелеп, ел игілігіне қызмет жасауға аттандырған. Бүгінде өңірдегі ірі өндіріс орындарында темір тұлпар тізгіндеп, дала төсін дүбірге бөлеген механизаторлардың көпшілігі осы Дүйсенғали қатарға қосқан шәкірттері.

Дүйсенғали 1980 жылы Талдықорған қаласындағы Индустриалдық техникумның өндірістік оқыту шебері факультетіне оқуға

«ЕНДІ МЫНАУ СІЗДІҢ ОҚУШЫҢЫЗ...»

Жаздың ми қайнатар ыстығы. Үп деп ішіне леп тартсаң қолқанды күйдіріп өтетін лапылдаған жалын өкпенді қабады. Мүмкін, басқа жерге қарағанда қаламыз күнге жақын болғасын ба, әйтеуір топырақтың бетінде қайнаған ауадан қолбеңдеп сағым жүріп жатады. Қызуына шыдамай шыбын шырықрайтын аптапта қала ішіндегі жұрттың көбісі, әсіресе, ер адамдар төбеннен ұрып таңдайыңнан шығатын ыстық ішімізге түсіп кетпесін деп сыраhana жақты сағалайды.

Дала емес кеңсенің ішінде дем алдырмай алқылдатып тұрған қырықтың өртін сөндірімек ниетпен Бақытбек орталыққа барып сусын ішіп шөлін баспақ болды. Жолай өзіндей бір мекеменің басшысы Әбекене соғып айтқан ұсынысын қуана құп алған ағасын ертіп әңгімелесе жүріп сусынханаға бет алды. Әбекен өте кішілейіл, аңқылдап қалған жан әрі кезінде өзін оқытқан мұғалімі. Таңдайларда шөлдер бар таңнан қалған демекші шөліккеп келіп суатқа бас қойған аңдардай әртараптап ағылып келіп ел кіріп жатқан, маңдайшасына анандай жерден айғайлап көрінетіндей әдемілеп ағаштан көпіршіген сыраның саптаяғын салып, шақыртқы ғып қағып қойған сыраhanaға кірді. Күнгірттеу бөлменің іші сықастыра қойылған столдарға толы екен. Кезекке тұрған адамдардың қарасы да біршама. Көп қолға түсе бермейтін зәру затқа тұрған адамдардай жапырласып иін тіреседі. Саптаяқпен сыра алып көбігін көпіртіп сораптағандар жақсыға қолы жеткендей шалқақтаса кейбіріннің алды ыржалақтауға жетіпті. Бақытбек ағасын алдыға өткізіп қарсысындағы төбені тіреп тұрған бағананың қасынан бүйірлей бұрыла бергенінде, шеткеректегі

кеудесіне қойып ізет жасап жайлап шығып кетті. Бағанана бері мына жігіттердің істерімен ізеттілігіне аңтарылып мұның бетіне қарап:

– Бұлар кімдер?, – деп қалған ағасына:

– Бұлар менің оқушыларым ғой, – деді Бақытбек асықпай. Ағасы да басын ізеп мақұлдағандай сынай танытып:

– Е, онда бұлар менің де оқушыларым екен ғой, – деп жымың ете түсті.

Сабырға шақыратын салқын залдың төріне жайғасқан екеуі тобылғы түсті сыраның алғашқы саптаяғын қолға алды да толқыта толғап сусамырлардай сімірді. Сәл қышқылтым, кермек дәмі шөлден кеберсіген еріннен өтіп қызыл өңешті қуалай асқазанға түскенде қатарласа «Ух...» деді. Екінші саптаяқтың да икем тұтқасына қол жетіп қалды.

Іштеріндегі қызуларын салқын сырамен басқандай болғанда осы бізден басқа кімдер бар екен дегендей жан-жақтарына қарады. Айналадағы жұрт дабырласып әрнәрсені сөз етіп отыр. Жұмақтың зәмзәмін татқандай рахатқа батып отырғанда сыртқа шыққысы келгендерді тоспадай тоқтатып, кейбірін қағып шетке ысырып тастап біреу кіріп келе жатты. Шөпкісін көзіне түсіре киген, жейдесінің түймесінің бірі жоғары, бірі төменгі тесікке түймеленген, алқам-салқамы шыққан еңгезердей біреу енді. Кілт тоқтап, теңселіп тұрып ел-жұртқа сүзеген бұқаша аларып бір қарады. Кіреукеденіп кеткен көзі, темекі түтінімен буалдыр тартқан сыраhanаның ішін бір сүзіп шығып Бақытбекке тоқтады. Тәлтіректей жүріп сырашының қасына барып бұрылды да:

– Бақытбек... Маған бір саптаяқ сыра әперші, – дегенді тілі күрмеліп әлденеше рет бөліп-бөліп жеткізді. Сөзін



столдан бұларды көрген екі-үш жігіт орындарынан атып тұрды. Үсті-бастарын түзеп, жалма-жан қастарына жетіп келіп қолдарын ұсынып амандасып, «Бақытбек аға, қалыңыз қалай жақсы ма? Денсаулығыңыз қалай?» деп шапұр-шұпыр амандасып бәйек болды. Ілтінат көрсетіп орындарын ұсынып, отырғызып өздері шығар есікке бет алды. Бұлар жайғаса бастағанда біреуі «Сіз кезекке тұрмай-ақ қойыңыз, сыра келеді» деді. Алдындағы толықтау келген жігіттің бірі сырашыға жақындады да ақырын ғана «Менің атымнан ағаларға төрт саптаяқ сыра жіберерсің, мынау ақшасы» деп төледі де ағаларына бұрылып қолын

өткізе алатын жан болуы керек, Бәкен де сырашыға құйып берерсің дегендей ымдады. Сырашы сөзге келмей әлгіге бір саптаяқ толы сусынды ұстата қойды. Ағасы болса аң-таң. Бір сәтте Бақытбекке сұраулы жүзбен «кім бұл» дегендей кейіп танытып бұрылғанда:

– Е.., міне аға, енді мынау сіздің оқушыңыз, – деді жайбарақаттық танытып. Кезіндегі Бақытбекпен бір класта оқыған өзінің оқушысын танып, оның қылығынан ұялған ағасы:

– Өй, сенде айтасың-ау, – деп сөзден тосылғаннан күліп жіберді.

Молот СОЛТАНАЕВ.

ШӘКІРТ ШЫҢДАҒАН ШЕБЕР

Әр адамның өмір сүрген ортасында өзінің алар орыны бар. Әсіресе жас ұрпақ тәрбиелеп жүрген ұстаздар арасында адам қасиеті мен мінез құлқы, ақыл, парасаты, сый-құрметі, ортадағы беделі айқын аңғарылып тұрады. Жаркент қаласындағы Көпсалалы колледждің өндірістік оқыту шебері Дүйсенғали Мырзахметов сондай өз шәкірттері мен еңбек ұжымында абырой, беделі үстем, парасат пайымы жоғары жандардың бірі.

– Алдымызға келген сары ауыз шәкірттен болашақта кәсібін жетік білетін маман дайындау оңай іс емес, – дейді Дүйсенғали өзінің жұмысы жөнінде әңгіме айтқанда. – Бұл оқу орынына келген кешегі мектеп оқушысының бәрі бірдей арман қуған албырт бозбала деу әбестік. Олардың мінез құлқы, қабілет-қарымы, ынтасы да әралуан. Студенттерді болашақ мамандығына қызықтыру, білім мен тәжірибе жинақтауға ынтасын арттыру ең алдымен біздің кәсіптік білім ошағының өндірістік оқыту шеберлерінің міндетіне артылар ауыр жүк.

қабылданып, оны тамамдаған соң Жаркент қаласындағы №148 кәсіптік техникалық училищеге өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасып, бүгінгі таңға дейін еңбек етіп келеді. Заман ағымына қарай кәсіптік училище бір жылдарда лицей болып, кейінен Көп салалы колледжге айналды. Осы оқу орынында ол білікті, тәжірибелі маман атанып, аға өндірістік оқыту шебері, директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары қызметтерін аброймен атқарды. Соңғы бірнеше жылдан бері ол «Фермер шаруашылығы» бейіні бойынша топ жетекшісі қызметін атқарып жүр. Бұл топта білім алатындар негізінен ауыл шаруашылығы өндірісіндегі тракторшы-машинист мамандығын меңгереді.

Бұған дейін де осы мамандық бойынша бірнеше толқын шәкірттер шыңдаған Дүйсенғали Оразымбекұлының бүгінгі студенттерінің өмірден өз орындарын табатынына сенімі мол.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ,
Жаркент қаласы.

Сөз айнасы

ӨРЕЛІ ОЙДАН ОРАЛЫМДЫ СӨЗ

Мәйекті сөз дәйекті.

Мәйекті ойдан дәйекті сөз туады.

Бостандық – ұлттың өлшем жетпес бақыты.

Ұлағатты ұл көбейсе ұлттың жаны жасарады.

Ақылды ойдан асыл тұжырым.

Даналықтың өмірдегі өріс тынысы,
Тектілік пен парасаттылықтың қосындысы.

Дарынды ұлттың ұрпағы саялы бақтың
самалымен танысар.

Таланттың тағы халқының төрі.

Таланттың тағлымы, талаптың даңғылы.

Дәстүрі дәуірлеп, салты салтанат құрған елдің
ұрпағы ардың аясында өседі.

Байыпты байлам парасаттың өлшемі.

Парасат парықсызбен көрші қонбас.

Санасыз ойдан сарқыншық ақыл.

Тұрақсыз мекен тұрлаусыздың панасы.

Қайырсыздан қайран болмас, тұрлаусызға
байлам болмас.

Ер арыса ел есіне түседі, ат арыса жер есіне
түседі.

Бітер істе береке бар, бітпесе істе келеке деген.

Шаңырақ – ұлттың бас киесі.

Сұңғыла ойдың сарабынан соқпақсыз жол
салғаным.

Ары қымбат арыстың алатаудай жүрегі,
Жаны қымбат жаманның шіріген жіптей жігері.

Сырдаң жүрістінің сылтауы көп.

Тіл күшінің мөлшері, салмақ жетпес өлшемі.

Білімді – елдің білікті ұланы, халқының
бойтұмары.

Әңгімесі жақсының хан жайлаудың төріндей.

Саналы ойдың сабағынан дән терген.

Сұңғыла салған сорапта соқпақ болмас.

Тұлпардың тұяғымен кебістес болған,
Шынардың бұтағымен жемістес болған.

Тұлпар мініп, сұңқар ұшырған тектінің
терлігінен едік.

Базархан ЖАҚЫБАЕВ,
жазушы, композитор.
Көктал ауылы.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙІМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №16051

